

Ұлттық темір жол компаниясы мен ұлттық тасымалдаушылардың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 1389 Қаулысы.

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Ұлттық темір жол компаниясы (бұдан әрі - компания) болып белгіленсін.

2. Мыналар:

1) "ҚТЖ-Жүк тасымалы" акционерлік қоғамы – жүк тасымалдау бойынша;

2) "Жолаушылар тасымалы" ашық акционерлік қоғамы - жолаушыларды, багажды, жүк багажды және почта жөнелтімдерін тасымалдау жөніндегі ұлттық тасымалдаушылар болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2014 № 1442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2017 № 608 қаулыларымен.

3. Компания жүктерді теміржол көлігімен тасымалдаушының функцияларын 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін орындайды деп белгіленсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2014 № 1442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-1. Компанияға магистральдық темір жол желісінің берілуіне байланысты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен компанияға магистральдық темір жол желісі объектілері орналасқан жер учаскелеріне 5 жыл мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығының берілуін қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.26 N 1076 қаулысымен.

4. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы N 310 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақтағы "магистральдық темір жол желісін иелену мен пайдалануды жүзеге асыру" деген сөздер алынып тасталсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК